



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№28 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2010 жылғы 13 желтоқсан**

**Төлем балансы және халықаралық
инвестициялық позицияны құрастырудың
жаңа методологиясына көшу туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі еліміздің сыртқы сектор статистикасын қолданушыларға төлем балансы және халықаралық инвестициялық позицияны құрастырудың жаңа методологиясына көшуге қатысты жоспарларын хабарлайды.

2009 жылы Халықаралық Валюта Қоры «Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция нұсқаулығын» 6-басылым (ТБН6) жариялады. ТБН6 әзірлеу статистикалық зерттеудің және ғаламдық процестерді қамту, елдердің тұрақтылығы мен осалдығы контекстіндегі халықаралық экономикалық құбылыстарды түсіну құралы ретінде активтер мен пассивтер құрылымын талдаудың рөлінің артуы, жаңа қаржы құралдары мен тетіктерін қамту, сондай-ақ статистикалық деректердің халықаралық салыстырмалылығын арттыру қажеттілігіне байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сыртқы сектор статистикасы «Төлем балансы нұсқаулығы» 5-басылымына (ХВҚ 1993 жыл) сәйкес қалыптастырылады. Бұл ретте Ұлттық Банк сыртқы экономикалық статистиканы жаңа халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету жұмыстарына кірісті, 2012 жылы ТБН6 сәйкес төлем балансы және халықаралық инвестициялық позицияның жаңа құрылымына ауысуды жүзеге асыруды жобалап отыр.